

**ТАРИХИ АНЫҚТАМА**

Қазақстан Республикасы Президентінің 22.04.1977 жылғы «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары жүйесін әрі қарай реформалау шаралары туралы» Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 01.07.1997 жылғы №197/8 бұйрығы бойынша Батыс Қазақстан облысы прокуратурасы жанынан облыстық бөлім және дербес заңды тұлға мәртебесі бар Құқықтық статистика және ақпарат орталығы құрылған болатын. Осыған дейін ақпараттық орталық ІД құрамында болатын.

Батыс Қазақстан облысы прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығы –құқықтық статистика саласындағы заңдардың қолданылуына бақылау жасайтын, мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын, статистикалық қызметпен айналысатын заңды тұлға мәртебелі, облыс прокурорына бағынышты орган болып табылады. Өзінің іс-әрекетін Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күшіне ие «Қазақстан Республикасы прокуратурасы туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасында мақұлданған заңдарға, халықаралық келісімдерге, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің нормативтік-құқықтық актілеріне, «Құқықтық статистика және ақпарат орталығы туралы» ережелерге, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының және облыс прокурорының бұйрықтары мен нұсқауларына сәйкес атқарады.

Орталық өзіне бағынышты аумақтық органдарды басқарады. Батыс Қазақстан облысы прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығы заңды тұлға болып саналады, банкілерде өзінің шоты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік тілде атауы жазылған мөрі, басқа да деректемелері бар.

**Орталықтың басты міндеттері мыналар:**

-құқықтық статистика субъектілерін бастапқы есепке алу құжаттарын есепке қою, жинақтау және өңдеу. Бірыңғай құқықтық статистиканы қалыптастыру;

-құқықтық статистика субъектілерінің тұтастығын, шынайылығын қамтамасыз ету;

-қылмыстар мен заң бұзушылықтар туралы ақпаратты жинау, өңдеу мен сақтаудың жалпы әдістерін ұстана отырып, бірыңғай аймақтық желілердің ведомствоаралық ақпарат алмасуы;

-бірыңғай құқықтық ақпараттық-статистикалық жүйені толықтай автоматтандыру және компьютерлендіру;

-заңда жүктелген басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

Осы аталған міндеттерге сәйкес Орталық пен оның органдары өз құзыреттілігі және өкілеттіліктер шеңбері аясында келесі

ұйымдастырушылық, әдістемелік, бақылаушылық және басқа да қызметтерді жүзеге асырады:

**1. Жұмысты ұйымдастыру, талдау, бақылау мен әдістемесі саласында:**

- субъектілердің құқықтық статистиканы жүргізу жұмысын ұйымдастыру;

- прокурорлардың құқықтық статистика және ақпарат жөніндегі көмекшілерінің жұмысына әдістемелік жетекшілік және бақылау жасау, оларға құқықтық статистика есептерін қалыптастыру жұмысында практикалық көмек беру;

- заңдылық пен қылмыстылық күйін және басқа да құқықтық ақпаратты талдау. Осы негізде ұсыныстар дайындау;

- облыс әкімі әкімшілігін облыстағы заңдылық пен қылмыстылық күйі, қылмыстық-құқықтық және шаруашылық дау-дамайлар саласындағы құқық қорғау органдарының жұмыс нәтижелері, сот шешімдерінің орындалуы жөніндегі құқықтық статистикалық мәліметтермен қамтамасыз ету;

- ішкі істер, салық полициясы, кеден, прокуратура, әділет, сот, ұлттық қауіпсіздік және әскери полиция органдарын олардың қылмыстармен күресіп, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау міндеттерін шешуі үшін статистикалық, анықтамалық және басқалай ақпаратпен қамтамасыз ету.

**2. Есептік-статистикалық жұмыс саласында:**

- қылмыстарды, қылмыстық істер мен материалдарды, оларды тергеу нәтижелерін, қылмыстық жауапкершілікке тартылған, сотталған, жазасын өтеген, жазасын өтеуден босатылған тұлғаларды, қылмыстық (азаматтық, шаруашылықтық) істердің қаралу және орындалу нәтижелерін бірыңғай есепке алуды жүзеге асыру;

- құқықтық статистика субъектілерін бастапқы есепке қою құжаттарының толымдылығы мен шынайылығын бақылау. Есептік-тіркеу тәртібінде, анықтамалық, статистикалық және басқа да жұмыстарда анықталған заң бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ құқықтық статистика субъектілерінің қосалқы статистикалық есептер мен есепке қоюды жүргізуінің алдын-алу шараларын қабылдау.

**3. Жедел анықтама беру және қылмыстарды тіркеу саласында:**

- қылмыс жасаған, сотталған, тергеу органдарынан, анықтаудан, соттан бой тасалап жүрген, ҚР ҚІЖК 132-бабының тәртібімен ұсталған, із-түссіз жоғалған тұлғалардың, танылмаған мүрделердің, рұқсатсыз айдап әкетілген, ұрланған көліктердің әліпбилік және дактилоскопиялық есебін жүргізу.

**4. Мұрағат жұмысын ұйымдастыру саласында:**

- тізімі нормативтік актілерде анықталған құқықтық статистика субъектілерінен мұрағаттық құжаттарды қабылдау мен сақтауды қамтамасыз ету.

**5. Бірыңғай аймақтық желілердің ведомствоаралық ақпарат алмасуы мен заң бұзушылықтар мен қылмыстармен күресу жөніндегі**

**мемлекетаралық бағдарламалар аясында басқа мемлекеттермен ақпараттық-талдау байланыстарын қалыптастыру мен автоматтандырылған ақпарат жүйесін енгізу саласында:**

-аймақтық орталықтардың құқықтық, статистикалық және ақпараттық іс-әрекетіне компьютерлік технологияларды енгізу тұжырымдамасын жасақтау мен жүзеге асыру;

-ТМД елдерінің құқық қорғау органдарының қылмыстармен және заң бұзушылықтармен күресінде бірлескен ынтымақтастықты ақпараттық-талдау тұрғысынан қамтамасыз ету үшін заңдылық пен қылмыстылық күйі жөніндегі деректер қорының мемлекетаралық компьютерлік желісін жасақтау мен құруға қатысу.

Орталық ай сайын облыс прокурорына аса ауыр қылмыстар, сыбайлас жемқорлыққа, лауазымды пайдалануға қатысты қылмыстармен күресудің күй-жайы туралы, прокурорлар қозғаған қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ облыстық прокуратура бөлімдерінің сұраныстары бойынша мәліметтер ұсынып отырады.

Өз құзыреттілігі шеңберінде құқықтық статистика субъектілері мен тұтынушыларын статистикалық және басқалай ақпаратпен қамтамасыз етіп, құқықтық статистикалық ақпараттың ақпараттық-статистикалық деректер қорларын жинақтаумен, жүргізумен және жанартып отырумен айналысады.

Орталықты басқаратын бастықты облыс прокурорының ұсынымы бойынша лауазымға Қазақстан Республикасы Бас прокуроры тағайындап, босата алады.

Орталық республикалық бюджет есебінен, сондай-ақ ҚР БК 33-бабына сәйкес орталықтың көрсеткен қызметтері үшін мемлекеттік емес заңды және жеке тұлғалардан келін-түсетін қаражат есебінен қаржыландырылады.

Орталықты ұйымдастыру шараларына орай қылмыстық-соттық статистиканың бастапқы құжаттарын есепке алу, жинақтау және қылмыстар мен оларды жасаған тұлғалар туралы ақпараттық-статистикалық деректер қорын жүргізуді бірыңғай есепке қою жүйесін жетілдіру шаралары қолданылған болатын. Қалалық және аудандық прокурорлардың статистика жөніндегі көмекшілерін оқыту ұйымдастырылып, бастапқы есепке алу құжаттарын жинақтау мен өңдеу бойынша семинарлық сабақтар жүзеге асырылды.

Облыс прокуратурасы Орталықпен бірлесе отырып, материалдық-техникалық базаны нығайту мен қамтамасыз ету, компьютерлендіру, барлық аудандық буындармен модемдік байланысты қалыптастыру жұмыстарын жүргізді.

Негіздеме: № \_\_\_ ҚОР: тізбе..1с.29п.1,2 п.п.  
70 іс.10-14п.п.

Батыс Қазақстан облысы прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының штаттық саны 11.07.1997ж.алғанда 25 бірлікті құрады.

Орталықтың төмендегідей құрылымы бекітілген:

Басшылық:

ҚСЖАО бастығы - 1 бірлік

ҚСЖАО бастығының орынбасары – 1 бірлік

Статистика, бақылау және талдау бөлімі

Бастығы –

Аға прокурор - 4 бірлік

Прокурор – 2 бірлік

Бас маман – 2 бірлік

Арнайыландырылған есептер бөлімі

Бастығы – 1 бірлік

Аға прокурор - 1 бірлік

Прокурор – 1 бірлік

Бас маман– 1 бірлік

Автоматтандырылған жүйелерді жөнемелеу, техникалық қызмет көрсету және қамту бөлімі

Бастығы – 1 бірлік

Аға прокурор - 1 бірлік

Прокурор – 1 бірлік

Бас маман– 1 бірлік

Қылмыстық істер мен құжаттарды есепке алу мен қабылдау бөлімі

Бастығы– 1 бірлік

Прокурор – 2 бірлік

Бас маман– 1 бірлік

Қаржылық-шаруашылық іс-әрекет тобы

Бас маман– 1 бірлік

Жетекші маман - 1 бірлік

Қалалық және аудандық прокуратуралардағы құрылымы:

Ақжайық ауданы

аға көмекші - 1 бірлік

Бөрлі ауданы

аға көмекші- 1 бірлік

көмекші - 1 бірлік

Зеленов ауданы

аға көмекші - 1 бірлік

көмекші - 1 бірлік

Казталов ауданы

аға көмекші- 1 бірлік

Теректі ауданы

аға көмекші- 1 бірлік

Орал қаласы

аға көмекші - 1 бірлік

көмекші - 3 бірлік

Бас маман– 1 бірлік

Батыс Қазақстан облысы прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының бастығы болып облыс прокурорының орынбасары кіші әділет кеңесшісі С.И.Ғаббасова тағайындалған.

Негіздеме: тізбе.1 іс 33.п.п.14-17,26.

Орталықтың жұмысы облыс прокуроры бекіткен жұмыс жоспарына сай жүргізіледі.

Іс сапарлар статистикалық есептердің шынайылығын инспекторлық тұрғыдан тексеру және практикалық көмек көрсету үшін жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады.

Орталықтың іс-әрекетіне жедел басшылық жасау мақсатында айына бір рет, қажеттілігіне қарай бастықтың талап етуі бойынша кез-келген уақытта жедел мәжіліс оздырылады.

Жедел мәжілістерде қаралатын мәселелер: облыс прокуроры бұйрықтарының, алқа шешімдерінің орындалу барысы, белгілі бір мерзімдегі жұмыс нәтижелері, прокурорлық іс-әрекеттің және талдау-қорыту нәтижелері, облыс прокуратураның және прокурорларға бағынышты, қалалық және аудандық прокурорлардың көмекшілерінің статистика, қадағалау қызметінің нәтижелері, қылмыстылық пен заңдылық күй-жайы жөніндегі есептері.

Қазақстан Республикасы Бас Президентінің 12.02.1998 жылғы № 11ң-11-98 нұсқауына сәйкес қалалық және аудандық прокурорлар және жергілікті құрылған бригадалар жүргізген қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау, тіркеу мен рұқсат ету барысына жасалған тексерістер нәтижесінде қылмысты есепке алудан жасыру оқиғалары мейлінше азайды.

Прокурорлардың қылмыстарды тіркемеу және қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы заңсыз шешім қабылдау түріндегі қылмысты есепке алудан жасыру оқиғаларының алдын-алу бойынша жүргізген жұмыстары да өз жемісін бере бастады. Қылмыстық қудалау органдары тексерістер барысында қылмысты есепке алудан жасыру оқиғасының түптің түбінде әшкереленетінін түсініп, қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қарау ісіне мұқият мән беріп, тиісті мерзім ішінде олар бойынша заңды шешім қабылдап, қабылданған шешім туралы арыз берушіге уақытында хабарлауды қолға ала бастады.

Негіздеме: тізбе.1.45-іс.1-3п.п.; 51-іс.23п.

10.11.1998ж. № 188 бұйрық бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 16.10.1998 жылғы № 892/на«Есірткілік құралдар, психотропты заттар мен прекурстардың заңсыз айналымымен күрес жөніндегі Ұлттық ақпараттық-талдау орталығын құру туралы» бұйрығын орындау үшін БҚО прокурорларынан Батыс Қазақстан облысы прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығында есірткілік құралдар, психотропты заттар мен прекурстармен күрес жөніндегі ақпаратты өңдеу мен ұсыну жөніндегі жұмыс тобы

құрылған болатын. Топ жетекшісі болып Унаева А.С.- БҚО прокуратурасы жанындағы ҚСЖАО бастығының орынбасары тағайындалды.

Негіздеме: тізбе 1.54 іс.21п.

01.09.1999ж.Қазақстан Республикасы Үкіметі №1286 «Шаруашылық субъектілеріне жүргізілетін барлық тексерістердің бірыңғай статистикалық есебін енгізу туралы» қаулыны қабылдады. Тексерістерді тіркеу міндеті Құқықтық статистика және ақпарат орталығына жүктелді.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 29.10.1999ж. жариялаған №92 бұйрығына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді есепке алу карточкасы (№1-к), кәсіпкерлік субъектілерінің іс-әрекетін тексеруі тағайындау туралы актілерді тіркеу журналының үлгісі, актілерді тіркеу туралы есептің үлгісі, сондай-ақ осы мәселелер бойынша нұсқаулықтар бекітілін, енгізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметі 26.10.2000ж. №1599 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 01.09.99жылғы қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысын қабылдады, ол арқылы мемлекеттік органдардың шаруашылық субъектілерін тексерулерін статистикалық есебі енгізілді, шағын кәсіпкерлік субъектілерін 01.10.99ж. бастап, ал басқаларын 01.10.2000ж.бастап. Сонымен бірге мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді тағайындау туралы актілерді тіркеу ережелері бекітілді.

Осы қаулыға сәйкес бақылаушы және қадағалаушы органдардың барлық қызметкерлері кәсіпкерлік субъектілерін кәсіпкерлік саласындағы тексерісті есепке алу карточкасын жасақтағаннан кейін, ол карточканы тексеріске дейін тексерісті тағайындау туралы нұсқамамен бірге ҚСЖАО-на тіркеуге тапсырғаннан кейін ғана тексере алады.

Шаруашылық субъектілерін тексеруді бірыңғай есепке алу мемлекеттік органдардың жеке кәсіпкерлік істеріне заңсыз әкімшілік тұрғыдан араласуына, қол сұғу оқиғаларына тосқауыл қойды. Сонымен қатар ол жүргізілетін тексерістердің және олардың тақырыптарының санын қадағалап, бақылауға, біреулерінің тым көп тексеріліп, кейбірлерінің назардан тыс қалуының себептерін зерделеуге мүмкіндік береді. Құқықтық статистика және ақпарат орталығы қадағалаушы органдардың үкіметтің осы қаулысын қалай орындап жатқанын тексеріп тұрады.

Негіздеме:тізбе.1.104іс.13п.

2000 жылы Батыс Қазақстан облысы прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығы құқықтық статистика және есептік-тіркеу тәртібінің күй-жайын қадағалаушы мемлекеттік органдардың субъектілерінде барлығы 312 тексеріс жүргізді, соның ішінде ІІМ органдарында -230, ҰҚК-де -7, Салық полициясында -10, Салық қызметінде -8, Кеден басқармасында-10, әділет органдарында -21, басқа мемлекеттік органдарда -15.

Тексеріс нәтижелері бойынша, 97 ұсыным, 53 нұсқама дайындалған, соның арқасында қылмыстық қудалау органдарының қылмыстық іс жүргізу

талаптары мен қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды толымды, жан-жақты қарау, оларды қарау барысында созбаланды болдырмау жөніндегі нұсқаулықтарды сақтауы, ҚІЖК нормаларының басқа талаптарын сақтау, соның ішінде арыз берушіге талон-мәлімдемелерді міндетті түрде табыс ету сияқты игі істерге қол жеткізілген.

Орталықта сыбайлас жемқорлықпен және қылмыстылықпен күрес жөніндегі заңдарды қолданудағы құқықтық статистиканың рөлін арттыруға бағытталған шаралар үнемі қабылданады. 2000 жылы облыс бойынша барлығы 125 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген. Олардың ішінде ішкі істер органдарының анықтағаны – 77, прокуратура органдарының анықтағаны -21; ҰҚК -32, ӘПКБ -16. Соттарда 24 қылмыстық іс қаралып, 21 адам сотталып, 3 адам ақталған.

ҚР Бас Прокурорының 05.04.2000 жылғы «Прокуратура органдарының имидж бағдарламасын құру туралы» № 3 А.Қ.өкіміне және ҚСЖАО бастығының және ҚР Бас Прокурорының 18.04.2000жылғы №9 өкіміне сәйкес Батыс Қазақстан облысы прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығы бастығының 15.01.2001жылғы №1 өкімі бойынша БҚО прокуратурасы жанындағы ҚСЖАО имидж қалыптастыру бағдарламасы мен БАҚ-да материалдар жариялау мерзімділігінің графигі бекітілді.

Имидж қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Орталық тоқсан сайын газет және журнал тілшілерімен және редакторларымен кездесіп тұрады. 2001 жыл бойынша жергілікті баспасөз құралдарында 7 мақала басылып, облыстық теледидар мен радиодан 5 рет көрсетілім мен сөз алынып, БҚО прокуратурасы жанындағы ҚСЖАО іс-әрекеті туралы бейнекөрсетілім түсірілген.

Негіздеме: тізбе.1.107 іс.7-12п.п.

ҚР Бас Прокурорының 05.08.2002 жылғы №302/6 бұйрығымен БҚО прокуратурасы жанындағы ҚСЖАО бастығы болып 2002 жылы Унаева А.С.тағайындалған болатын.

Қазақстан Республикасы Президентінің 28.03.2003 жылғы №1050 «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетін құру туралы» Жарлығының 1-тармағына және 21.12.1995жылғы №2709 «Қазақстан Республикасы прокуратурасы туралы» ҚР Заңының 11-бабына сәйкес ҚР Бас Прокурорының 8.04.2003 жылғы № 30 бұйрығымен Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының Құқықтық статистика және ақпарат орталықтары және оларға теңестірілген Құқықтық статистика және ақпарат орталықтары таратылып, облыстарда, соның ішінде Батыс Қазақстан облысында, Астана, Алматы қалаларында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі басқармалары құрылды.

Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетіне бағынышты басқарма прокуратура органдары мен құқықтық статистика және арнайы есептер органдарының құзыреттілігі аясында Батыс Қазақстан облысының

аумағында құқықтық статистика және арнайы есептерді қалыптастыру жөніндегі қызметтер мен өкілеттіліктерді іске асырады.

Басқарма өзінің қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарына, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілеріне, ҚР Бас Прокурорының және Комитет Төрағасының нормативтік-құқықтық актілеріне, Басқарма туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Басқарманың статистикалық есеп пен бастапқы есепке алу актілерінің мәселелері жөніндегі нұсқауларын БҚО аумағында орналасқан құқықтық статистика және арнайы есептер субъектілері міндетті түрде орындаулары тиіс.

**Басқарманың заңды мекен-жайы:** Орал қаласы, Достық даңғылы, 197.

**Басқарманың толық атауы:**

мемлекеттік тілдегі: «Батыс Қазақстан облысы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің басқармасы» мемлекеттік мекемесі,

орыс тіліндегі: Государственное учреждение – «Управление Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по Западно-Казахстанской области».

**Басқарманың негізгі міндеттері:**

1. Мемлекеттік органдарды, заңды және жеке тұлғаларды бірыңғай статистикалық қағидаттар мен стандарттар негізінде облыстағы заңдылық пен құқықтық тәртіптің күй-жайы туралы ақпаратпен тиімді және толық көлемде қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру және дамыту.

Басқарма Қазақстан Республикасы заңдарында бекітілген тәртіппен төмендегі міндеттерді атқарады:

- мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру;
- қалыптастырылатын статистикалық мәліметтердің тұтастығын, шынайылығын және жеткіліктілігін қамтамасыз ету;
- құқықтық статистикалық ақпаратты жинақтау, жүргізу және өңдеу;
- аумақтық арнайы есептерді, жедел және ведомстволық есептерді қалыптастыру;
- құқықтық статистика мәселелері жөніндегі статистикалық бақылаулар жүргізу;
- ҚР заңдарының бұзылуын, ҚР Бас Прокурорының және Комитет төрағасының құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы нормативтік-құқықтық актілерінің бұзылуын анықтауға және кемшіліктерді жоюға бағытталған бақылау-қадағалау шараларын кешенді түрде жүзеге асыру;
- Құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы ақпаратты зерделеу іс-әрекетін жүзеге асыру;
- кәсіпкерлік субъектілерінің іс-әрекетін тексерулерді есепке алу мен бақылау;

-өз құзыреттілігі аясында мемлекеттік органдар мен олардың жергілікті бөліністерімен құқықтық статистика және арнайы есептер мәселелері бойынша өзара әрекеттесу;

-Басқарма құзырындағы бөліністерге есептік, статистикалық және қадағалаушылық іс-әрекет жөнінен практикалық және әдістемелік көмек беру;

-есептік-есеп берушілік құжаттарын автоматты түрде өңдеуді дамыту және ұйымдастыру, құжаттарды өңдеу сапасын арттыру мен өңделу мерзімін қысқарту жұмыстарын жүргізу.

ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің БҚО бойынша Басқармасының құрылымы төмендегідей:

Басшылық -	1 бірлік	
Құқықтық статистиканы қалыптастыру бөлімі –	8 бірлік	
Арнайы есептер мен мұрағаттау бөлімі –	5 бірлік	
Ұйымдастыру-кадрлармен жұмыс бөлімі –	4 бірлік	
Бағдарламалауды және автоматтандыруды қамтамасыз ету тобы-	2 бірлік	
Бас маман-есепші-	1 бірлік	
Орал қ.бойынша статистика қалыптастыру тобы	2 бірлік	
Барлығы:	23 бірлік.	
Олардың ішінде жедел қызметкерлер-		19
Әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер-		4
Негіздеме: тізбе.1.228 іс. 12,14 п.п.		

231 іс.1-2п.п.; 243 іс.6-7п.п.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан кәсіпкерлерінің 10-шы Форумында берген тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі 27.12.2002 жылы №1390 «Кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий жариялау туралы» қаулыны қабылдады.

Мораторий мемлекеттік қадағалаушы органдардың заңсыз негіздегі тексерістерінің санын қысқартуға септігін тигізді. Айталық, 2003 жылдың 5 айы ішінде облыс бойынша тексеру тағайындау туралы 2538 акт тіркелген болатын. Салыстыратын болсақ, 2002 жылы сол мерзімде 4486 тексеріс тіркелген, яғни тексерулер саны 43%-ға азайған. Шағын кәсіпкерлерді тексеру саны 2981-ден 1554-ке дейін, яғни 47%-ға қысқарған.

Есептік мәліметтердің бұрмалануына жол бермеу мақсатында Басқарма ай сайын қадағалаушы органдармен бірлесіп, тексеру тағайындау туралы тіркелген актілер саны бойынша өзара салыстырулар жүргізіп, сондай-ақ шаруашылық субъектілерінің іс-әрекетін тексеруді тіркеу тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің орындалуын тексереді.

Негіздеме: тізбе.1.229 іс. 5п.

ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің БҚО бойынша Басқармасы құқықтық статистика субъектілерінің ҚР Бас Прокурорының 25.12.2001 жылғы № 143 «Қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды, қылмыстық істерді есепке алудың, оларды тергеу мен сотта қараудың бірыңғай карточкалық есебін жүргізу тәртібі туралы» Нұсқаулығының талаптарын сақтауы жөніндегі жұмысын жүргізеді.

2004 жыл бойында автоматтандырылған деректер қорына қылмыстар туралы 17153 статистикалық карточка енгізіліп, өңделді. Тергеушілер мен анықтаушылардың № 1-Е «Бастапқы тергеу мен анықтау органдарының жұмысы туралы» есебін қалыптастыру кезінде жіберетін негізгі қателіктері мен статистикалық карточкалардың дұрыс толтырылуы мәселесі облыстың ІД тергеу басқармасы ұйымдастырған семинар-кеңесте талқыланып, оған БҚО бойынша Құқықтық статистика және арнайы есептер комитеті басқармасының қызметкерлері де қатысты. Статистикалық карточкалардың сапасы мен ұсыну мерзімдерін сақтау, есептік-тіркеу тәртібінің күй-жайы мәселесі Орал қаласының Үйлестіру кеңесінің мәжілісінде Орал қаласының ІО басшыларының қатысуымен талқыланды.

ҚР Бас Прокурорының 29.09.2003 жылғы №56 «Біріккен органды құру туралы» бұйрығының 4-тармағын және Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің төрағасының 28.10.2003 жылғы № 28-о/д «ҚР БП ҚСЖАЕК біріккен дайындық тобын құру туралы» бұйрығын орындау үшін Басқарма бастығының 31.10.2003 жылғы №128 бұйрығы бойынша Басқарманың қызметкерлерін жұмылдырып даярлау ісіне жауапты тұлға тағайындалды. Барлық жедел өкілетті қызметкерлер Орал қ.МӘК әскери есебінде тұр.

Жас және жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлердің біліктілігін арттыру, жастардың жұмысын ұйымдастыруда практикалық және әдістемелік көмек көрсету мақсатында Басқармада тәлімгерлік ісі жақсы жолға қойылған. Тәжірибесі мол жедел өкілетті қызметкерлер аумақтық және пәндік қағидат негізінде жас қызметкерлерге тәлімгерлік етеді.

Негіздеме: тізбе.1.279 іс. 1п.; 290 іс.15 п.

Құқықтық статистика субъектілерінің есепке алу және есеп беру тәртібін ұстануы Басқарма іс-әрекетінің бақылаушылық және қадағалаушылық іс-әрекетінің басты бағыттарының бірі. Осы тұрғыдан есепке алу-тіркеу және есеп беру тәртібіндегі заңдылықтың сақталуын қадағалауды күшейту, осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіру шараларын қолдану құқықтық статистиканың шынайылығы мен әділдігін тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

30.05.2005ж. ІД, ЭСҚҚД, АБ, ҰҚҚД, СКБ, ҚР ТЖА МӨС, ТСНҚД, Кәсіпкерлік басқармасы және аталған ведомстволардың өнеркәсіптері, «Заман» ассоциациясының қатысуымен «Құқықтық статистика және арнайы

есептер субъектілерінің есептік-тіркеу және есеп беру тәртібін ұстануы» тақырыбында семинар-кеңес оздырылды.

Негіздеме: тізбе.1.335 іс. 32п.

22.12.2005 жылы ҚР Бас Прокуроры №69 «Мемлекеттік мекемелердің іс-әрекетін тексеруді есепке алу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығын жариялады, 01.01.06ж.бастап іске енгізілген бұл Нұсқаулық бақылау және қадағалау өкілеттіліктеріне ие мемлекеттік органдар жүргізетін тексерістерді есепке алуды реттейді.

Тексерістерді тағайындау туралы актіні ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есептер комитеті және оның жергілікті аумақтық бөліністері тіркейді. Бұл есептің субъектілеріне бақылау және қадағалау міндеттерін атқаруға өкілетті барлық мемлекеттік органдар жатады.

Елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің күй-жайын кешенді болжау мен зерделеу жүйесін жетілдіру мақсатында ҚР Бас Прокурорының орынбасарының 27.03.06жылғы №40 о/д бұйрығына сәйкес БҚО бойынша Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің басқармасында экономикалық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды зерттейтін ғылыми-зерттеу зертханасы құрылды.

Осы бұйрықты орындау үшін Басқармада облыстың жетекші жоғарғы оқу орындарымен өзара байланыстар орнатылып, зерттелетін мәселенің сонылығын ескере отырып, зертхананың перспективалық жоспары жасақталды. Зертхананың іс-әрекетінің заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында Басқармада тиісті құжаттар дайындалды: ғылыми-техникалық кеңес туралы ереже, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға арналған тапсырмалардың үлгілері, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға қойылатын негізгі талаптар (жүргізу графигі, жұмыс бағдарламасы, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары, т.б. ).

Зертхана іс-әрекетінің алғашқы нәтижелері оның жұмысының тиімділігін көрсетіп берді.

Сондай-ақ Басқармада ҚР Бас Прокурорының 19.05.05 жылғы №18 «Азаматтардың арыздарын қарау туралы» №1-АА үлгідегі статистикалық есепті бекіту туралы» бұйрығы мен мемлекеттік органдар іс-әрекетінде оны құру жөніндегі Нұсқаулықты жүзеге асыру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік органдардың бұйрық талаптарын тиісті түрде орындауы мен мәліметтердің шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында 5 оқыту семинар-кеңестер ұйымдастырылып, БАҚ-да 6 материал жарық көрді.

Негіздеме: тізбе.1.394 іс.6,19,29,31,36п.п.

22.06.2006 жылы Орал қаласында «Нашақұмарлық пен есірткі бизнесімен күрес саласындағы мемлекеттік құқықтық статистика мен заңнаманы әрі қарай жетілдірудің негізгі бағыттары» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция оздырылды.

Конференцияның жұмысына Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ҚСЖАЕК мамандары мен басшылары, Білім және ғылым

министрлігінің, ІІМ, ҰҚК, ҚМ Кедендік бақылау комитетінің, АБЭжәнеКП Департаментінің, Әділет министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, БҚО Прокуратурасының, БҚО бойынша ҚР БП ҚСЖАЕКБ, БҚО ІІД қызметкерлері, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда және Маңғыстау облыстарының Құқықтық статистика және арнайы есептер басқармаларының өкілдері қатысты.

Конференцияны алғы сөзбен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер Комитетінің Төрағасы – Ким Г.В. ашты.

Конференцияда БҚО прокуроры С.С.Үмбеталиев «Прокуратура органдарының есірткілердің заңсыз айналымына қатысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды есепке алу тәртібін ұстануды тиімді қадағалау жөніндегі іс-әрекетін ұйымдастыру» тақырыбында сөз сөйлеп, сондай-ақ БҚО бойынша ҚР БП ҚСЖАЕКБ бастығының орынбасары Шунаева Ж.Ж. «Есірткілердің заңсыз айналымына қатысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды және оларды пайдаланатын тұлғаларды есепке алу тәртібін реттейтін заңның келелі мәселелерін шешу жолдары» тақырыбында сөз алып, басқа министрліктер мен ведомство өкілдері өзекті мәселелерді қозғады.

Конференция қатысушылары нашақұмарлық пен есірткі бизнесімен күрес саласындағы заңдарды жетілдіру бағытындағы жұмысты жүйелеу туралы ұсыныстар жасады.

Негіздеме: тізбе.1.402 іс, 10-20,25-27,36п.п.

10.03.2006 жылы ҚР Бас прокурорының -Құқықтық статистика және арнайы есептер Комитетінің Төрағасының №31 о/д бұйрығымен «Құқықтық статистика және арнайы есептер басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы жаңа ереже қабылданды, онда Басқарманың міндеттері мен қызметтеріне түпкілікті өзгерістер енгізілді.

Оған сәйкес Басқарманың негізгі міндеттері:

1. Мемлекеттік органдарды, заңды және жеке тұлғаларды бірыңғай статистикалық қағидаттар мен стандарттар негізінде облыстағы заңдылық пен қылмыстылық күйі туралы ақпаратпен тиімді және толымды түрде қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттік басқару органдарының бірыңғай ақпараттық құқықтық статистикалық кеңістігін қалыптастыру, құқықтық статистика және арнайы есептер субъектілерін кешенді түрде ақпараттандыру.

ҚР бекітілген заңдары аясында Басқарма келесі қызметтерді атқарады:

-бірыңғай мемлекеттік құқықтық статистиканы құру және жаңа ақпараттық технологияларды жасақтау шараларын қамтамасыз ету;

-ҚР заңдарын, қылмыскерлікке, сыбайлас жемқорлыққа, нашақұмарлыққа, экстремизм мен терроризмге аймақтық деңгейде қарсы тұру бағдарламаларын жүзеге асыруды статистикалық тұрғыдан жөнелелеу, қалыптастырылатын автоматтандырылған деректер қорында арнайы есептердің толымдылығы мен мәліметтердің жаңартылуын қамтамасыз ету;

-облыстағы заңдылық пен құқықтық тәртіп жай-күйін кешенді болжау мен зерделеуді жетілдіру, қоғамдағы құқық құбылыстарына кешенді мониторинг жүргізу;

-Қазақстанның мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйесін әлемдік ақпарат ортасына кіріктіру шараларын қамтамасыз ету, жарияланымдар жүйесін және құқықтық статистикалық мәліметтерді тарату жүйесін жетілдіру;

-құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы кадрларды даярлау және үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру шараларына атсалысу;

-құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы қолданыстағы халықаралық тәжірибені зерттеу;

-мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру;

-қалыптастырылатын статистикалық мәліметтердің тұтастығын, шынайылығын, жеткіліктілігін қамтамасыз ету;

-құқықтық статистикалық ақпаратты жинақтау, жүргізу және өңдеу;

-жедел және ведомстволық есептерден басқа, жергілікті аумақтық арнайы есептерді жүргізу;

-құқықтық статистика мәселелері бойынша статистикалық бақылауларды жүргізу;

-құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы заң бұзушылықтарды, ҚР БП мен Комитет төрағасының нормативтік-құқықтық актілерін бұзушылықтарды анықтауға бағытталған бақылау және қадағалау шаралары кешенін жүзеге асыру, ведомстволық комиссиялардың қылмыстық қудалау органдарындағы есептік-тіркеу тәртібін бақылау жұмысын тексеру;

-құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы ақпаратты зерделеу іс-әрекетін, болжамдық жұмыстарды жүзеге асыру;

-өз құзыреттілігі аясында құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен және олардың жергілікті бөліністерімен өзара әрекеттесу;

-Комитеттің Web- сайты жетілдіру мен дамытудың кешенді шараларын іске асыру;

-Комитеттің Имидж қалыптастыру бағдарламасы аясында, соның ішінде оның азаматтар мен шағын және орта бизнес субъектілерінің құқықтарын қорғаудағы рөлін насихаттау мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс орнату, жұмыс формалары мен әдістерін жетілдіру, Комитеттің іс-әрекетіне қатысты жарияланатын ақпаратты қадағалау және зерделеу;

-құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы заңнаманы жетілдіру іс-әрекетін жүргізу;

-есепке алу және есеп беру құжаттарын автоматтандырылған түрде өңдеуді дамыту мен ұйымдастыруды қамтамасыз ету, құжаттардың сапасын

жақсарту мен құжаттарды өңдеу мерзімдерін қысқарту жұмыстарын іске асыру;

-Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес басқа да қызметтерді атқару.

Негіздеме: тізбе.1.459 іс.8-11 п.п.

2007 жылы БҚО бойынша Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің басқармасының бастығы болып С.С.Үмбеталиев бекітілді.

Қазіргі таңда Комитет пен оның аумақтық бөлімшелерінде статистикалық есептіліктің 60-тан астам үлгісі жасақталып, құқықтық құбылыстардың орталықтандырылған деректер қорлары 10-нан асты, оларда дәстүрлі криминалистикалық есептерден басқа әкімшілік, сыбайлас жемқорлықты есепке алу, шаруашылық субъектілерін тексеру нәтижелерін, азаматтардың арыз-шағымдарын есепке алу жүргізіледі.

Негіздеме: тізбе.1.462 іс, 6п.

22.04.2007 жылы БҚО бойынша Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің басқармасы құқықтық статистика және арнайы есептер органдарының құрылғанына 10 жыл толу мерекесін салтанатты түрде атап өтті.

01.01.2007 жылға алғанда Басқарманың төмендегідей құрылымы бекітілген:

1.1. Басшылық

2.1. Ұйымдастырушылық-кадрлармен жұмыс және құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы заңдылықты қадағалау бөлімі.

2.2. Іс жүргізу

2.3. Кадрлар және ішкі қауіпсіздік

3.1. Азаматтардың арыз-шағымдарын және мемлекеттік органдардың тексерістерін есепке алуды бақылау және қадағалау бөлімі.

4.1. Ақпараттық-зерделеу тобы.

5.1. Қаржылық-материалдық қамсыздық бөлімі.

6.1. Құқықтық статистика және арнайы есептер бөлімі.

6.2. Сот статистикасы

6.3. Шаруашылық субъектілерін және мемлекеттік мекемелерді тексеруді есепке алу.

6.4. Мұрағат бөлімшесі.

6.5. Издестіру жөніндегі құжаттарды есепке алу.

6.6. Әліпбилік есеп.

6.7. Дактилоскопиялық есеп.

6.8. Әкімшілік құқық бұзушылықтарды есепке алу.

2008 жылы Басқарма құрылымы өзгеріссіз қалды.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша басқармасының құжаттары бірінші рет өңделуде. Бөлімдерден түскен құжаттар ведомстволық мұрағатқа бұрын өңдеусіз, ресімделусіз тапсырылатын. Сондықтан істердің 95%-дайы қайтадан жасақталып, тігіліп,

нөмірленіп, деректемелер қойылды. Көптеген есептер шашырап жатқан күйінен жинақталып, бір іске біріктірілді. Ғылыми-техникалық өңдеуден соң жеке құрам бойынша ұдайы немесе уақытша (10 жылдан астам) сақтау тізбесі жасақталды. Тізбелерде құжаттар БҚО Мұрағаттау мен құжаттау Басқармасының ЭӨК 30.01.2007 жылғы №1 хаттамасымен келісілген 2007 жылғы номенклатурасына сәйкес құрылымдық-қызметтік белгілері мен хронологиялық белгілеріне сай жүйеленді.

Бұрынғы жылдардың құжаттары, яғни 1997 жылға дейінгі құжаттар БҚО прокуроры жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының ведомстволық мұрағатына ІД ақпараттық орталығынан келген болатын.

Ұдайы сақталатын №1 істер тізбесіне 613 данадан тұратын 1991-2008 жылдар аралығындағы құжаттар енгізілген, бұлар Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің төрағасының БҚО прокуратурасы жанындағы ҚСЖАО, ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің БҚО бойынша Басқармасының іс-әрекетіне қатысты бұйрықтары мен өкімдері; Басқарма мен ҚСЖАО бастықтарының негізгі іс-әрекет бойынша бұйрықтары мен өкімдері, облыстың құқық қорғау органдарының Алқасы және Үйлестіру кеңестерінің хаттамалары, жедел және аппараттық мәжілістер хаттамалары, ҚСЖАО, Басқарма туралы ережелер, жылдық жұмыс жоспарлары, басшылардың негізгі іс-әрекет бойынша жасаған баяндамалары, статистикалық көрсеткіштерді талдау және қорыту құжаттары, құқықтық статистика және арнайы есептер субъектілерін тексеру актілері, есептік-тіркеу тәртібі мен статистикалық есептердің дұрыстығын салыстырмалы тексеру актілері, семинар-кеңестердің құжаттары, ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетімен негізгі іс-әрекет бойынша хат-хабар алмасу, Басқарманың қызметкерлерінің саны мен қозғалысы жөніндегі жылдық есептер, қаржыландыру сметалары мен штаттық кестелер, қаржылық есептер, салықтар мен еңбек жөніндегі есептер, құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша жылдық есептер (№1, №1-ӘҚБ, №1-К, №1-М, №1-Е, №1-І, №1-АА, №2, №2-ЗС, №2-Т, №2-Қ, №3, №3-К, №4, №7, №8, №ТМД-1 және т.б.), үкімдер мен басқа да ұзақ сақталуға тиісті құжаттар.

Ұдайы сақталатын құжаттардың №2 істер тізбесіне жалпы саны 877 бірліктен тұратын 1959-2008 жылдардағы құжаттар енгізілген. Бұлар қылмыстар мен оларды жасаған тұлғаларды, қылмыстар туралы материалдар мен қылмыстық істерді есепке алудың бақылау журналдары, соңынан бұл журналдар қылмыстық істерді, қылмыстар мен оларды жасаған тұлғаларды есепке алудың бірыңғай журналы болып өзгертілді, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің және оның жергілікті бөліністерінің іс-әрекеті барысында жасақталатын құжаттардың Тізбесінің 215а-тармағына сәйкес сақтау мерзімі ұдайы деп белгіленген /Астана 2011/.

Ұдайы сақталуға тиісті құжаттардың №3 істер тізбесіне жалпы саны 28 бірлік болатын 1958-2008 жылдардағы құжаттар енгізілген, олар Тізімнің 66а-тармағына сәйкес Мемлекеттік мұрағатқа сақтауға табыс етілмейді, құқықтық статистика органдарында сақталады. Бұлар тоқтатылған қылмыстық істерді есепке алу журналдары, істердің келін түсуі мен шығуының кітаптарды, журналдарды, карточкалар мен өндірісі аяқталған істерді есепке алу журналдары, тоқтатылған қылмыстық істерді уақытша пайдалануға беру журналдары.

Жеке құрам бойынша істердің №1 тізбесіне жалпы саны 60 данадан құралған 1997-2008 жылдардағы құжаттар енгізілген. Бұлар –жеке құрам бойынша шығарылған бұйрықтар, жұмыскерлердің тұлғалық шоттары, қаражаттарды ЗЖҚ-на аудару туралы құжаттар (төлемдік тапсырыстар, тізімдер), жеке еңбек келісім шарттары, ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің БҚО бойынша Басқармасының қызметкерлерінің бақылау тізімдері.

№2жізбеге жалпы саны 136 бірліктен тұратын 1996-2008 жылдардағы жұмыстан босатылған қызметкерлердің құжаттары енгізілген.

Ғылыми-тарихи құндылығы жоқ, практикалық қолданыстан шығарылған, сақтау мерзімі өтіп кеткен, 1966-2008 жылдардағы жалпы саны 2169 істен тұратын құжаттар құртылу үшін іріктеліп алынып, акт жасалды.

Ұдайы сақталуға тиісті және жеке құрам бойынша жетіспейтін құжаттар бойынша анықтама берілген. Құжаттардың физикалық күйі қанағаттанарлық. Құжаттар тілі –орыс тілі.

СК хаттамасы, қысқартылған сөздердің тізімі қоса жалғанды.

Басқарманың бас маманы Г.Сәрсенғазиева

Іс жүргізуші

*Карин*

А. Карин